

**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға берілетін 2013 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 27 тамыздағы № 872 қаулысы

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы Қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.**

«2013 – 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2012 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 10-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға берілетін 2013 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану қағидалары бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомаларын уақтылы және мақсатты пайдалануды;

2) осы қаулыға 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне жартыжылдықтың және жылдың қорытындылары бойынша ағымдағы нысаналы трансферттердің бөлінген сомаларын пайдалану туралы есеп беруді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

*С. Ахметов*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 7

т а м ы з д а ғ ы

№

8 7 2

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға берілетін 2013 жылға**

## **арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану қағидалары**

1. Осы Агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға берілетін 2013 жылға арналған ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 226 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» республикалық бюджеттік бағдарламасы, 100 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне бау-бақша жұмыстарының экономикалық қолжетімділігін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» кіші бағдарламасы және 101 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне гербицидтердің экономикалық қолжетімділігін арттыруға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» кіші бағдарламасы бойынша республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттердің, Астана және Алматы қалалары бюджеттерінің пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге (бұдан әрі – АШТӨ) субсидиялар төлеу арқылы мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) «Апорт» сортты алма ағашының көпжылдық екпелерін отырғызуға жұмсалатын шығындардың құнын ішінара (40 %-ға дейін) өтеу;
- 2) гербицидтердің құнын арзандату (50 %-ға дейін).

3. Субсидиялар АШТӨ-ге Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы № 221 қаулысымен бекітілген Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасына сәйкес төленеді.

4. Ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру және іске асыру 2013 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде жүргізілетін болады.

5. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) бюджеттік бағдарламаның әкімшісі ретінде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына және облыс әкімі мен Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі арасында қол қойылған нәтижелер туралы келісімге сәйкес ағымдағы нысаналы трансферттерді облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне аударады.

6. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары жылдың қорытындылары бойынша Министрлікке ағымдағы нысаналы

трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісімдерге сәйкес бөлінген нысаналы трансферттерді пайдалану есебінен қол жеткізілген тікелей және түпкілікті нәтижелер туралы е с е п б е р е д і .

7. Министрлік Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде есептілікті ұсынады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 7 т а м ы з д а ғ ы  
№ 8 7 2 қ а у л ы с ы н а  
1-қосымша

### Нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы аралық есеп

20\_\_ ж «\_\_» \_\_\_\_\_

Мемлекеттік органның атауы \_\_\_\_\_

Нысаналы трансферттің атауы \_\_\_\_\_

Есеп беру кезеңі \_\_\_\_\_

Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражат сомасы \_\_\_\_\_

(бюджеттік бағдарлама атауы)

(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)

Р/с №	Тікелей нәтиже					
	Көрсеткіштер атауы (жоспарланған іс-шаралар)	Іс-шаралардың іс жүзінде орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы	Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері	Жоспар мың теңге	Нақты мың теңге	Ауытқу мың теңге
1	2	3	4	5	6	7

М.О.

Әкім \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2 0 1 3 ж ы л ғ ы 2 7 т а м ы з д а ғ ы

**Нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы қорытынды есеп**

20\_\_ ж «\_\_» \_\_\_\_\_

Мемлекеттік органның атауы \_\_\_\_\_

Нысаналы трансферттің атауы \_\_\_\_\_

Есеп беру кезеңі \_\_\_\_\_

Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражат сомасы \_\_\_\_\_

(бюджеттік бағдарлама атауы)

(бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды)

Тікелей нәтиже						
P/c №	Көрсеткіштер атауы (жоспарланған іс-шаралар)	Іс-шаралардың іс жүзінде орындалуы, нәтижелерге қол жеткізу сатысы	Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері	Жоспар мың теңге	Нақты мың теңге	Ауытқу мың теңге
1	2	3	4	5	6	7

Түпкілікті нәтиже			
	Жоспарланған көрсеткіштер (іс-шаралар)	Нәтижелерге іс жүзінде қол жеткізу	Нәтижелерге қол жеткізбеу себептері

М.О.

Әкім \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

Б і р і н ш і б а с ш ы \_\_\_\_\_

т ө м е н т ұ р ғ а н б ю д ж е т т і к \_\_\_\_\_

б а ғ д а р л а м а л а р ә к і м ш і с і \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (болған кезде)) (қолы)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК